

Дүниежүзілік Банктің заем жөніндегі келісімдері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 30 қаңтардағы N 35-р Өкімі

Қаржы секторын және кәсіпорындар секторын дамытуға арналған Дүниежүзілік Банктің заем жөніндегі келісімін Дүниежүзілік Банктің Атқарушы директорлар Кеңесіне дер кезінде ұсыну мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және даму банкі арасындағы 1995 жылғы 14 қаңтардағы келіссөздердің келісілген Хаттамасына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылға арналған мемлекеттік бюджетті бекіткенде және оны нақтылау процесінде Оңалту трастының 1995 жылы жұмыс істеуі үшін қажетті қаражат көздейтін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Меммүліккомымен, Әділетминімен және Ұлттық Банкімен келісе отырып үстіміздегі жылдың 20 ақпанына дейінгі мерзімде Оңалту трастын құру туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасын және Келіс сөздер Хаттамасында көрсетілген тәртіп пен шарттар бойынша жасалған Оңалту трасты Жарғысының жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банкі арасында аралық заем туралы келісімге қол жеткізсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіне мейлінше қысқа мерзімде: Дүниежүзілік Банкпен келісілген ұзақ мерзімді төлемдер жүйесінің негізгі параметрлері бойынша шешім қабылдау;

жобаны жүзеге асыру жөнінде 3 адамнан тұратын топ (бөлім) құру;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен тиісті коммерциялық банктер арасында заем бөліктері туралы келісімдердің уақытында жасалуына дайындық шараларын жүргізу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің комитеттерімен бірге "Банкроттық туралы" Заңды борыштық міндеттемелерді соттық емес реттеу жөніндегі, сондай-ақ Оңалту трастының табысы жұмыс істеуіне қажетті құқықтық және нормативтік ережелерді енгізуді ескере отырып, шұғыл түрде қайта қарап, жетілдіретін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы 10 күндік мерзімде еңбекке ақы төлеудің бекітілген қоры шегінде жобаны жүзеге асыру жөнінде құрамында кем дегенде 2 адам бар топ (бөлім) құрсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 10 күндік мерзімде еңбекке ақы төлеудің бекітілген қоры шегінде жобаны жүзеге асыру жөнінде бөлім құрсын, сондай-ақ оқу турлары бағдарламаларының орындалуына жауапты басқарманы белгілесін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі екі апта мерзімде Меммүліккомымен және Қаржы министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Келіссөздердің келісілген Хаттамасында белгіленген шарттарды сақтай отырып, Кәсіпорындарды қайта құру жөнінде Комитет (Агенттік) құру туралы ұсыныс енгізсін.

9. Заемның құраластары үшін мыналар жауапты деп белгіленсін:
Оңалту трасты бойынша - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
жекешелендіру бойынша - Қазақстан Республикасының Меммүліккомы;
оқу турларын ұйымдастыру мен кәсіпорындарды қайта құру бойынша - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі;
төлем жасау жүйесі, коммерциялық банкілерді дамыту және банкілерді қадағалауды жақсарту бойынша - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісу бойынша).

10. Заемды жүзеге асыруға қатыстырылған ведомстволардың қызметін үйлестіруге Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жауапты деп белгіленсін.

11. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасына жүктелсін.

Премьер-министр